

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2008 жылғы 11 шілдедегі N 184-ө Өкімі

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 26 мамырдағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі тізбеге сәйкес:

1) нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін;

2) тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

3. "Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерін іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 30 желтоқсандағы N 383-ө өкіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген өкіммен бекітілген Қазақстан Республикасы заңнамалық кесімдерін іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық кесімдердің тізбесінде: реттік нөмірі 45-жол алынып тасталсын.

4. "Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 30 желтоқсандағы N 383-ө өкіміне өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 15 мамырдағы N 125-ө өкімінің күші жойылды деп танылсын.

*Премьер-Министр*

*К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
2008 жылғы 11 шілдедегі  
N 184-ө өкімімен

бекітілген

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 26 мамырдағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі**

--	--	--	--	--

P/c N №	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Актінің нысаны	Орындалуына жауапты мемлекеттік орган	Орындау мерзімі
1	Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өрт қауіпсіздігі саласында өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ТЖМ	2008 жылғы шілде
2	Міндетті түрде өртке қарсы қызмет құрылуға тиіс ұйымдар мен объектілерде өрт сөндіруге мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары тартылған жағдайда шығатын шығындарды өтеу ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ТЖМ	2008 жылғы шілде
3	Мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтердің жұмысын жүзеге асыру ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ТЖМ	2008 жылғы шілде
4	Төтенше жағдайды енгізуге негіз болған мән-жайлардың салдарынан зардап шеккен жеке тұлғаларға тұрғын үй-жайлар беру, материалдық залалды өтеу, қажетті көмек беру ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ТЖМ	2008 жылғы шілде
5	Өртке қарсы қызметтердің өрт қауіпсіздігі саласында мамандарды арнайы дайындау бойынша бағдарлама, оқу курстарын және біліктілік талаптарын бекіту туралы	Бұйрық	ТЖМ	2008 жылғы шілде
6	Мемлекеттік өртке қарсы қызмет органының қызметкері аттестаттау тәртібімен анықталып, қызметіне сай келмеуі бойынша, беделін түсіретін теріс қылық жасағаны үшін немесе қызметтік тәртіпті	Бұйрық	ТЖМ	

ұдайы бұзғаны үшін  
жұмыстан шығарылған  
жағдайда мемлекеттік  
өртке қарсы қызмет  
органдары қызметкерле-  
рінің қаражаттың орнын  
толтыруы ережесін  
бекіту туралы

2008

				жылғы шілде
7	Мемлекеттік инспекторға бірыңғай үлгідегі куәлік, нөмірлі мөртабан және пломбир беру ережесін бекіту туралы	Бұйрық	ТЖМ	2008 жылғы шілде
8	Мемлекеттік инспектор нысандарын актілерінің бекіту туралы	Бұйрық	ТЖМ	2008 жылғы шілде

Е с к е р т п е :

ТЖМ - Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК